

**"KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 наурыздағы № 100 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 наурыздағы № 106 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 наурыздағы № 100 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 9-10, 53-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 13 наурыздағы  
№ 106 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 1 наурыздағы  
№ 100 қаулысына  
қосымша

**"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына сайланатын мемлекеттік органдардың өкілдері**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК